



ШЕШІМ

2020 жылғы 7 қыркүйегі

Сарыағаш қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 54-479-VI

город Сарыағаш

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 2-3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы бекітілсін.

2. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 02 маусымдағы №50-444-VI «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5644 тіркелген, 2020 жылы 2 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық банкінде электронды түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғаннан кейін Сарыағаш аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы
міндетін уақытша атқарушы**

К. Пердекулов

Е. Туребеков

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 21.10.2020
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 5850 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Главный специалист-юрист Сабит Улугбекович Манапов, 19.10.2020 10:34:51, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат хатшысы міндетін уақытша атқарушы Ергеш Есенбекович Туребеков, 19.10.2020 10:38:18, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

ГУ "Аппарат Сарыагашского районного маслихата" - Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Қайрат Куралбаевич Пердекулов, 19.10.2020 10:44:28, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі

Департамент юстиции Туркестанской области - Руководитель Мухит Бекетович Тургараев, 20.10.2020 12:37:40, ЭЦҚ тексерудің оң нәтижесі